

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Білім алушыларды тек тұтынушы тұрғысынан ғана емес, өз оқу ортасын жобалаушы ретінде де қатыстыру;

Педагогикалық білім бағдарламаларының барлығына ортақ мақсаттағы Алаштың ағартушылық идеясын негізге алған оқу пәнін әзірлеу;

«Ар ілімінің» бағдарымен астасатын гуманизм, адамзаттық құндылықтарға бағдарланған теориялық және практикалық білімді әрбір пәннің мазмұнын сараптауда жетекші индикатор ретінде белгілеу;

Бұл ұсыныстар болашақтың кепілі болатын жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті, елге қызмет ететін, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға болып қалыптасуына әсер етеді деп білеміз. Білім беру жүйесін өзгерту арқылы, оны іштен жобалау арқылы еліміздің ертеңі үшін маңызды қадамдар жасай аламыз. Бұл қадамдар жаңа өзгерістер мен даму жолында жаңа жетістіктерге жеткізеді. Жаһандық бәсекелестік дәуірінде техника ғылымдарымен қатар рухани білімнің, тәрбиенің рөлін қайта түлетіп, Алаш арыстары негізін салып кеткен құндылықтарға негізделген білім беру арқылы қатарға қосуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Құраст.: С.Байдалы, Е.Тоқтарбай. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2016.-520 бет.
3. ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Құраст.: С.Байдалы, Е.Тоқтарбай. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2016.-288 бет.
4. Д.Қамзабекұлы. Алаш жолы – мәңгі елдің маңызды жолы. / ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Алматы: «Экономика», 2014. - 440 б.
5. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Монография / А.Сағынтаева, А.Мусина, А.Сулейменова, Р.Қаратабанов, Қ.Құрақбаев, Д.Пристли, - Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б.

ӘОЖ 17.01.82

МАҒЖАН МҰРАСЫ – ҚАЗІРГІ ТАТАР ӘДЕБИЕТІНДЕ

Таштан Әсел Бақытжанқызы

t_asel_b@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., қауым. профессор Кемеңгер Қ.Р.

Қазақ пен татар халқы – туысқан, бауырлас халық. Екі ел арасындағы өзара байланыстар өмірдің әртүрлі салаларында әсіресе, әдебиет пен рухани мәдениет саласында көбірек көрініс табады. Қазақ халқының сөз өнері дамуының тарихында оның өзге халықпен әдеби байланысы қалыптасып, қарым-қатынасы нығаюда. Сондай халықтың бірі – татарлар. Халқымыздың көп ғасырлар бойы татар елімен тығыз байланыс орнатып келе жатқаны белгілі. Осы жөнінде ғалым Б.Ысқақов: «Расында қазақ пен татар халқының арасында туыстық, достық қарым-қатынастың түп-тамыры сонау терең тарих түпкірінде, көне ғасырлар қойнауында жатыр. Бұған ең алдымен олардың шыққан тегінің бір болуы, сөйлейтін тілдерінің туыстығы, көп ғасырлар бойы көрші-қоңсы тұруы, бір мемлекеттің құрамында өмір сүруі себеп болды», - деген пікір айтады [1]. Міне осы байланыс әдебиетке де әсер етіп, өзара жақындасуға себеп болды.

Ғалым өзінің 1976 жылы жарық көрген «Қазақ-татар әдеби байланысы» еңбегінде әдебиет байланысын тарихи тұрғыдан зерттейді. «Әдебиет байланысын тарихи тұрғыдан

зерттеудің ғылым үшін де, практикалық өмір үшін де үлкен мәні бар. Өйткені қандай құбылыстың болмасын тарихи даму кезеңдерін білмей тұрып, оның қазіргі күйін, келешегін білу мүмкін емес», - деген дәлел келтіреді. Аталған еңбекте автор екі халықтың әдебиеттері байланысының даму жолдарын төрт кезеңге бөліп қарастырады. Оның біріншісі – қазақ-татар халықтарының жалпы түркі тұқымдас халықтардың, Түрік қағанаты, Дештіқыпшақ одағы, Алтын Орда хандықтарының құрамында тайпа-тайпа болып өмір сүрген кезеңі. Қазақ-татар әдебиетінің көптеген ортақ нұсқалары, ауыз әдебиет ескерткіштері осы тұста жасалған. Екінші кезеңі – Ресей мемлекетінің құрамына кіріп, тарихи тағдыры мен ұлттық мүдделері ұштасып, тарихи мақсат-мұраттарының отрақ болған кезі. Үшінші кезең – ХХ ғасырдың басы болса, төртінші кезеңі – революциядан кейінгі кезең, совет дәуірі [1,16].

Ұлттық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуында оның басқа халықтың әдебиетімен байланыс орнатуының маңызы зор десек, әдеби байланыстың негізгі факторы аударма деуімізге негіз бар. Себебі бір халық пен екінші халықты жақындастыратын да, достастыратын да, туыстастыратын да сол халықтардың әдебиеті мен мәдениеті, өнері. Өздерінің жазуы, сызуы, әдебиеті, мәдениеті, өнері, тарихы арқылы қарым-қатынас жасап, байланысқа түседі, екі ел әдебиетіндегі әртүрлі шығармалар бір тілден екінші тілге аударылып, мәдени және әдеби байланыс орнайды.

Әлем халықтары тіліндегі шығармаларды ана тілімізге сондай-ақ ана тіліміздің шығармаларын әлем тіндеріне аудару мәселесі өзектілігін жоймаған. Алайда осы тұста аудармашы айрықша мәне беретін дүниелер бар. Себебі тұпнұсқадағы шығармада сол халықтың ұлттық сипаты, таным-түсінігі көрініс табатындықтан, аудармашы оны өзге тілге аудару барысында үлкен жауапкершілікпен қатар тамаша талантқа ие болу керек.

Бүгінде қазақ тілінен татар тіліне және татар тілінен қазақ тіліне біршама шығармалар аударылды. Атап айтсақ, Абай өлеңдері, қарасөздері аударылды. 1947, 1981 жылдары Қазанда Абай шығармаларының екі жинағы жарық көрді. Аударманы жасаған белгілі татар қаламгерлері Нури Арланов, Махмуд Максуд, Марс Шабаев, Лирон Хамидуллин және басқа да аудармашылар. Сондай-ақ Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының татар тіліне аударылуы екі елдің байланысын одан әрі жақындастыра түсті. С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романы, Ж.Молдағалиевтің «Жыр туралы жыр» дастаны мен Ә.Әлімжановтың «Отырардан келген сый» повесі татар тіліне аударылып басылды. Соңғы жылдары татар зиялылары Мағжанның шығармашылығына қызығушылық білдіріп, оның өлеңдерін аудару ісінде бірінен соң бірі Мударис Аглям, Флера Тарханова белсенділік танытты [2,230].

Мағжан Жұмабайұлы әдебиеттегі алғашқы туындылары 1911-1913 жылдарға жатады. Ақынның көптеген шығармалары сол кездегі қазақ және татар тілде шығатын барлық газет-журнал беттерінде жарық көріп тұрды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Шолпан» 1912 жылы Қазан қаласында татар жазушысы әрі ұстазы Ғалымжан Ибрагимовтың көмегімен басылып шықты. Көріп отырғанымыздай Мағжан мен татар халқы арасындағы байланыс ертеде-ақ басталған. Күні бүгін бұл байланыс нығайып ақын өлеңдері татарша аударылып, жинақ болып басылып шықты.

Жинақтың алғы сөзінде Радиф Гаташ ұзақ жылдар бойы мұндай ақын бар екенін білмегенін, тіпті өз халықның да кейбір жасырылған есімдерін кейіннен оқығанын, 60-жылдардың басында татар ақыны Нури Арслановтың Қазақстан мен қазақ ақындары жайында сөз қозғананын және оның ішінде Мағжан Жұмабаевтың да есімі болғанын баяндайды [3,27].

Ақынның туындыларын татар тіліне аудару ісімен белгілі татар ақындары Радиф Гаташ, Нури Арсланов, Мударис Аглям, Флера Тарханова айналысты. Х. Миннегуловтың сөзінше Радиф Гаташ: «Мағжан Жұмабайұлы – өте талантты ақын, лирик. Ол жалпы түркі поэзиясын, фольклорын, соның ішінде татар сөз өнерін жақсы меңгерген. Оның өлеңдерінен белгілі бір дәрежедегі Ғ.Тоқайдың, З. Рамиевтың (Дәрдменд), С. Рамиевтың шығармаларының ықпалы сезіледі. Бәлкім бұл типологиялық ұқсастықтан да болар. Мағжан Жұмабайұлы түрлі поэтикалық формалар мен құралдарды жетік меңгерген. Ал аударма

мәселесіне келетін болсақ, оның өзіндік поэтикалық ойлауы адамды баурап алады. Мағжан Жұмабайұлының тілі ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі татар әдеби тіліне жақын болғанымен, мен сөзбе-сөз аударма жолын ұстанбай, оның рухын, сезімін, ойын шығармашылықпен жеткізуге ұмтылдым», - деп ақынның туындыларын аударуда ұстанған жолын айтып өтеді [2,231].

2013 жылы Мағжанның 120 жылдығы қарсаңында Радиф Гаташтың құрастырумен Татарстан жазушылар одағы басып шығарған «Жан сүзе» өлеңдер жинағына жоғарыда аталған ақындардың аудармалары енді. Қазақ поэзиясының асқар биігі Мағжан өлеңдерінің басым бөлігін Радиф Гаташ аударса, бұл жинақта Нури Арсланов тәржімалаған 7, Мударис Аглям аударған 3, Флера Тарханова аудармаларынан 10 өлеңді көреміз.

Сондай-ақ, 2018 жылы Татарстан астанасы Қазан қаласында Алаш ақыны Мағжан Жұмабайұлының 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті және «Татар-қазақ әдеби байланыстары және Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығы» атты кітап арнайы шығарылған кітап жарық көрді. Бұл еңбекке қазақ ғалымдары мен татар ғалымдарының екі ел әдебиетінің байланысы туралы және Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығы жайында жазған мақалалары мен зерттеулері енген. Жалпы кітап үш тараудан тұрады. Алғашқы тарау татар-қазақ әдеби байланыстары, екінші тарау Мағжан Жұмабайұлы: тұлға, жазушы, ғалым деп аталады. Ал соңғы тарау Мағжан Жұмабайұлы: шығармашылығынан үзінділер деп көрсетіліп, ақынның түпнұсқадағы өлеңдерімен қатар татарша нұсқасы беріледі.

Мағжан татар тілінде татарша сөйлеуі тиіс. Демек түпнұсқаның мәтінін ғана аударып қоймай, оның көркемдік қуатын, бүкіл рухын, сөз өрнегін айқын жеткізе білу аудармашыдан асқан шеберлікті талап етеді. Олай болса түпнұсқа мен аударма өлеңдерді салыстырып көрелік. Мәселен, «Жер жүзін топан басса екен» өлеңін ақын былай деп бастайды:

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен!
Таудай толқын құтырып,
Улы көбік шашса екен [4, 74].

Осы өлеңді аударған Нури Арсланов төмендегіше береді:

Жир йөзен басса туфан,
Таулардан ашса туфан,
Кайнатып дулкыннарын
Күбекләр чәчсә туфан! [5, 14]

Ал Радиф Гаташ былайша тәржімалайды:

Жир йөзен туфан басса икән!
Тик таулардан ашса икән!
Таудай дулкын котырынып,
Олы күбек ташса икән! [5, 51]

Байқап отырғанымыздай екі аударма да түпнұсқадағы мағынасына сай аударылған. Десе де алғашқы шумақтан-ақ Нури ақының еркін аудармаға жол бергенін аңғарсақ, Радиф Гаташтың аудармасы сырт тұлғасын, ішкі құрылымын сақтай отырып аударылған өлең дей аламыз.

Ақын Мағжанның «Жұлдызды – жүзік, айды алқа ғып берейін» өлеңіне ойыссақ, түпнұсқада:

Келші, көзім, күн бетінді көрейін.
Сүйші, сәулем, түншығып мен өлейін.
Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдыз – жүзік, айды алқа ғып берейін [4,172]

Аудармада:

Кил, иккүзем, Кояштай йөзең күрим,

Сөй, жан сәуләм, нурга күмелим – үлим.

Кил, йолдызым, агып кел ефәк кебек,

Йолдыз – йөзек, Ай – алка: бүләк бирим! [5,74]

Аударма нұсқада ала-құлылық жоқ, өлең қазақша қалпын, буын өлшемін, ұйқас сақтай отырып аударылған. Үшінші жолдағы «жылжып қана жібектей» тіркесі татаршада «агып кел ефәк кебек» деп келеді. Мұның өзі «агып кел жібек кебі» дегенді білдіріп, сөздің мағынасына сай аударылғанын байқап отырмыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін басқа да шумақтарға көз жүгіртейік.

Жырларыммен кестелейін орамал.

Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.

Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,

Ұмтылғанды орамалмен қағып ал [4,172].

Жырларыман бәйлим яулық-урамал,

Ал битен лә, бәбитаем, гүя бал.

Берүк балга чебен куна күрмәсен,

Шул урамал белән кагып, куып ал [5,74].

Бұл шумақта да аса қатты айырмашылық байқалып тұрған жоқ. Десек те сөз қолданыстарында азды-көпті ерекшеліктер бой көрсетіп отырады. Өлеңнің татарша аудармасының көркемдігіне айтар дауымыз жоқ. Бұдан шығатын қорытынды татар ақыны Радиф Гаташ екі елдің де тілін бірдей біліп, ішкі сырын сарқа түсініп, дыбыс ырғағын, тіл әдемілігін, сөз қолдану мәнерін қалтықсыз ұғына отырып тәржіма жасағанын көреміз. Демек, Мағжан татар тілінде татарша сөйледі.

Аударма ұғымы – кең ұғым. Әлем халықтарының қандай да бір мәдени, ғылыми, саяси, экономикалық байланыстарында, қарым-қатынастарында аударманың тигізетін ықпалы зор. Қазақ-татар әдебиеттерін байланыстыра, жақындастыра түскен нәрсенің бірі-көркем аударма. Аталған жұмысымызда мәдениеттің ошағы болған татар елінің ақындарының аудармаларының ерекшелігін көрсетуге, қазақтың көрнекті ақыны Мағжан мұраларының татарша нұсқасына талдау жасауға тырыстық. Татар қаламгерлерінің қазақ тілінен аударған өлеңдерін арқау еттік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ысқақов Б.Ы. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976. – 175 б.
2. Х. Миннегулов. Тюрко-татарские словасность в контексте межлитературных связей (Монография). М62 – Казань: Изд-во «Ихлас», 2017. – 360
3. Татар-казак багланышлары һәм Мағжан Жәмабаев ижаты = Татаро-казахские литературные взаимосвязи и творчество Мағжана Жумабаева / Төз.: Ә.М. Закиржанов, К.Р.Кемеңгер. – Казан: ИЯЛИ им. Г.Ибрагимова, 2018. – 124 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 1-т., Алматы: Білім, 1995, 256 б.
5. Жәмабаев М. Жан сүзе: шигырләр / Казан: “Илһам” нәшрияты, 2013. – 96 б.

6.2 Духовное возрождение: проблемы национального языка